ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ
Қабылдау ережелері және сынау әдістері

МЯСО И МЯСНЫЕ ПРОДУКТЫ
Правила приемки и методы испытания

ҚР СТ 1729-2007

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ

Қабылдау ережелері және сынау әдістері

ҚР СТ 1729-2007

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы №695-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентпен үйлестірілді.

Сынау әдістері бөлігінде осы стандарт Б қосымшасында көрсетілген Ресей Федерациясының мемлекеттік стандарттары арқылы Еуропалық стандарттармен үйлестірілді

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I, «Тағамдық өнімдердің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі №301-III, «Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық туралы» 2002 жылғы 4 желтоқсандағы №361-II, «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі №339-II Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары іске асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ **2014 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Қабылдау ережелері және сынамаларды іріктеу әдістері	6
5	Сынау әдістері	23
А қосымшасы (міндетті). Сынақ жүргізу кезінде өлшеулер орындаудың ұсынылатын әдістері		27
Б қосымшасы (міндетті). Ет және ет өнімдерінің сынамаларын іріктеуге және сынау әдістеріне арналған мемлекеттік, мемлекетаралық, ұлттық және халықаралық стандарттар тізілімі		36
В қосымшасы (міндетті). Сойылатын барлық мал еттерінің, құс, үй қояны етінің температурасын өлшеу әдістемесі		45
Г қосымшасы (міндетті). Барлық сойылатын мал етінің, құс, үй қояны етінің салмағын анықтауды орындау әдістемесі		47
Д қосымшасы (ұсынылатын). Өлшеу нәтижелерінің кінәраттық сипаттамаларын бақылау		48
Е қосымшасы (анықтамалық). Библиография		50

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ

Қабылдау ережелері және сынау әдістері

Енгізілген күні 2009-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт құс, үй қоянының еттері мен олардың етінен жасалған өнімдерді қоса сойылатын мал еті мен ет өнімдеріне таратылады және оның ішінде төрелік сынақтар жүргізу кезінде қабылдау ережелеріне, сынамаларды іріктеуге және сынау әдістеріне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Стандарт талаптары меншіктің кез келген нысанындағы, оның ішінде сәйкестікті растау мақсатында аккредиттелген ұйымдар қолдану үшін арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 1.9-2003 Мемлекеттік стандарттау жүйесі. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар мен стандарттау, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі.

ҚР СТ 2.10 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Аттестатталған қоспалар. Әзірлеу, аттестаттау және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 2.18-2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеулер жүргізу әдістемесі. Әзірлеу, метрологиялық аттестаттау, тіркеу және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1637-2007 Орау. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1728-2007 Ет және ет өнімдері. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау.

ҚР СТ 1730-2007 Ет және ет өнімдері. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 1731-2007 Ет және ет өнімдері. Сапа көрсеткіштерін анықтаудың органолептикалық әдісі.

ҚР СТ ИСО 5725-1-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық пен прецизиондық). 1-бөлім. Негізгі ережелер мен анықтамалар.

ҚР СТ ИСО 5725-2-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық пен прецизиондық). 2-бөлім. Өлшеулердің стандартты әдісінің қайталанғыштығы мен орнына келуін анықтаудың негізгі әдісі.

Ресми басылым

ҚР СТ ИСО 5725-3-2002 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық пен прецизиондық). 3-бөлім. Стандартты әдістің процезиондылығының аралық көрсеткіштері.

ҚР СТ ИСО 5725-4-2002 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық пен прецизиондық). 4-бөлім. Стандартты өлшеудің дұрыстығын анықтаудың негізгі әдістері.

ҚР СТ ИСО 5725-5-2002 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық пен прецизиондық). 5-бөлім. Өлшеулердің стандартты әдісінің процезиондылығын анықтаудың балама әдісі.

ҚР СТ ИСО 5725-6-2002 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстық пен прецизиондық). 6-бөлім. Дәлдік мәндерін практикада пайдалану.

ҚР СТ ИСО МЭК 17025-2001 Сынау және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ҚР СТ ГОСТ Р 50779.10-2003 Статистикалық әдістер. Статистика ықтималдығы мен негіздері. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 8.315-97 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері. Негізгі ережелер.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздік. Жалпы талаптар және қорғаныс түрлерінің атаутізімі.

ГОСТ 12.4.009-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету.

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйелері. Жалпы талаптар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшемді шыны ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 4025-86 Тұрмыстық еттартқыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4212-76 Реактивтер. Колориметрлік және бейфелометрлік талдау үшін ерітінділерді дайындау әдістері.

ГОСТ 5556-81 Ылғал сіңіргіш медициналық мақта. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709-72 Дистилленген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7328-2001 Гирлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 8273-75 Орауыш қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9412-93 Медициналық дәке. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгіш қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Тұрмыстық электр плиталар, электр плиткалар және қуыру электр шкафтары. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 15895-77 Өнім сапасын басқарудың статистикалық әдістері. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16299-78 Орау. Терминдер мен анықтамалар

ГОСТ 17435-72 Сызу сызғыштары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18300-87 Тазартылған этил спирті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20469-95 Тұрмыстық электр ет тартқыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21239 –93 Медициналық қайшы. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 21240-89 Медициналық қандауыр мен пышақтар. Жалпы техникалық шарттар және сынау әдістері.

ГОСТ 21241-89 Медициналық іскектер. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 21400-75 Химия-зертханалық шыны. Техникалық талаптар, сынау әдістері.

ГОСТ 24104-2001 Жалпы арналған және үлгілік зертханалық таразылар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 25336-82 Шыны ыдыс және жабдық. Түрлері, негізгі параметрлері мен өлшемдері.

ГОСТ 26678-85 Параметрлік қатарлық тұрмыстық электр тоңазытқыштар мен мұздатқыштар.

ГОСТ 28165-89 шыныдан жасалған зертханалық құралдар мен аппараттар. Су тазартқыштар. Буландырғыштар. Тазарту қондырғылары. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 28498-90 Сұйықтықтық шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ГОСТ 29227-91 (ИСО 835-81) Зертханалық шыны ыдыс. Градусталған тамшуырлар. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

Ескертпе – Осы стандартты пайдаланған кезде мемлекет аумағында сілтеме стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың 1 қаңтарына арналған жағдай бойынша құрылған стандарттардың сәйкес сілтемесі бойынша және ағымдағы жылда жарияланған сәйкес ақпараттық сілтемелер бойынша тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтеме құжат алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдаланған кезде алмастырылған (өзгертілген) стандартты жетекшілікке алу керек. Егер сілтеме құжат алмастырусыз жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге қатысты болмайтын бөлікте қолданылады. Халықаралық, өңірлік стандарттарды қолдану тәртібі ҚР СТ 1.9-сәйкес.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1] техникалық регламент, ҚР СТ 1637, ҚР СТ ГОСТ Р 50779.10, ГОСТ 16299, ГОСТ 15895 бойынша сәйкес анықтамаларымен терминдер, сондай-ақ мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Біртекті топтама (консервіленген өнім үшін): Бір түрлі және сұрыпты, бір типті және өлшемді ыдыста, бір күнде және ауысымда өндірілген, бір кәсіпорын дайындаған, бірдей уақытта тапсыру-қабылдауға,

тексеруге және сапалық бағалауға арналған консервіленген тағамдық өнімдердің нақты саны.

3.2 Біріктірілген сынама: Өнім топтамасынан іріктелген барлық нүктелік сынамалар жиынтығы.

3.3 Дәлдік: Талдау нәтижесінің нақты (немесе ол болмаған жағдайда) мәнге жақындық деңгейі.

3.4 Дұрыстық: Бір реттік талдау нәтижелерінің үлкен сериясы негізінде алынған орташа мәннің нақты (немесе оның жоқтығы жағдайда қабылданған тірек) мәнге жақындық деңгейі.

3.5 Ет: Өзімен бұлшық еттік, майлы және сүйек тінін немесе онсыз жиынтықты білдіретін ұша немесе ұша бөлігі түріндегі тағамдық өнім.

3.6 Ет блогы: Нақты өлшемді және нысанды блоктар түрінде қалыптасқан бір түрлі және атаулы ет.

3.7 Ет өнімі: Рецептурасында ет ингредиенттерінің салмақтық үлесі 60 %-дан жоғары, өсімдіктік және, немесе жануарлар және (немесе) минералды текті пайдаланып немесе пайдаланбай дайындалған тағамдық өнім.

3.8 Ет өнімінің топтамасы: Сапасы бойынша біртекті, термикалық бір түрде өңделген, бір нормативтік құжат бойынша бір кәсіпорында дайындалған, бірдей уақытта тапсыру-қабылдауға ұсынылған, бір сапа және қауіпсіздік куәлігімен және белгіленген нысандары, бір ветеринарлық құжатпен ілестірілген ет өнімінің кез келген саны.

3.9 Ет-өсімдіктік өнім: Ет ингредиенттерінің салмақтық үлесі рецептурада 5%-тен 60%-ға дейін қоса жоғары, өсімдік текті ет емес ингредиенттерді пайдаланып дайындалған ет құрамды өнім.

3.10 Бір реттік талдау (анықтау) нәтижесі: Талдау процедурасын бір реттік іске асыру кезінде алынған зат (материал) сынамасында құрамбірлік болуының мәні.

3.11 Зертханалық сынама: Сынақ жүргізуге пайдалану үшін дайындалған (ұсатылған, араластырылған, бөлінген және т.б.) сынама.

3.12 Консервілер: Қымталып оралған ыдысқа тоғанақталған және жылулық өңдеумен (зарарсыздандыру, пастерлеу) немесе тұтынушы денсаулығы үшін сақтау кезінде тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жылумен өңдеуді қоса жинақталған әдістермен консервіленген өнімдер.

3.13 Қабылданған тірек мән: Мыналарды салыстыру үшін келісілген ретінде қызмет ететін мән:

а) теориялық немесе ғылыми негізделген мән;

б) стандартты үлгінің аттестатталған мәні;

в) аттестатталған қоспаның аттестатталған мәні;

г) өлшенетін сипаттаманың математикалық күтуі, яғни а), б) және в) қол жеткізімді болмайтын жағдайда талдау нәтижелерінің берілген жиынтығының орташа мәні.

3.14 Қауіпсіздік: Зиян келтіру мүмкіндігімен байланысқан рұқсат етілмейтін қауіптің жоқтығы.

3.15 Кінарат: Аттестатталған әдістеме бойынша алынған талдау нәтижесінің (бір реттік талдау нәтижесінің) осы әдістеме бойынша алынған берілген нәтижелер жиынтығының математикалық күтуінен ауытқуы.

3.16 Қоршаған ортаны қорғау: Қоршаған ортаны өнімнің, процестер және көрсетілетін қызметтердің қолайсыз әсер етінен қорғау.

3.17 Ет құрамды өнім: Рецептурасында ет ингредиенттерінің үлесі 5%-тен 60%-ға дейін қоса жоғары, өсімдіктік және/немесе минералды текті ет емес ингредиенттерді пайдаланып дайындалған тағамдық өнім.

3.18 Мемлекеттік (ұлттық) стандартты үлгі (МСҮ): Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық органмен танылған, мемлекеттік метрологиялық қадағалау мен бақылаудың таралу салаларын қоса елдің халық шаруашылығының барлық салаларында қолданылатын стандартты үлгі.

3.19 Нүктелік сынама: Бір рет, нақты уақытта немесе уақыт аралығы ішінде даналап сатылмайтын өнімнен іріктелген өнімнің шағын саны.

3.20 Орташа сынама: Топтама сапасын анықтау үшін бөлінген біріктірілген сынама бөлігі.

3.21 Өлшеулер орындау әдістемесі (ӨОӘ): Оларды орындау нақты кінаратпен өлшеулер нәтижесінің алынуын қамтамасыз ететін операциялар мен ережелер жиынтығы.

3.22 Өлшеулер орындау әдістемесін аттестаттау (ӨОӘ): Өлшеулер кінаратының белгіленген нақты сипаттамаларын растау және оның оған қойылатын метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында метрология жөніндегі ұлттық органмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын ӨОӘ зерттеу.

3.23 Прецизиондық: Нақты регламенттелетін жағдайларда алынған бір реттік талдау нәтижелерінің бір-біріне жақындық деңгейі.

3.24 Сандық химиялық талдау әдістемесі (СХТӘ); талдау әдістемесі: Оларды орындау кінәраттың (белгісіздіктің) белгіленген сипаттамаларымен сандық химиялық талдау нәтижелерін (нәтижесін) алуды қамтамасыз ететін операциялар мен ережелер жиынтығы.

3.25 Градусқа бөлу ерітінділері: Метрологиялық сипаттамалары дайындау процедурасы бойынша аттестаттау әдісімен белгіленген заттар қоспасы түріндегі өлшеу құралдары.

3.26 Сынама: Топтамадан сынақ жүргізу үшін іріктелген өнімнің нақты саны.

3.27 Динамикалық сынамаларды (іріктемелерді) іріктеу: Ол жағдайында өнім бірлігі немесе оның бөліктерін ағыннан іріктеп алатын іріктеу.

3.28 Статистикалық сынамаларды (іріктемелерді) іріктеу: Ол жағдайында өнім бірлігі немесе оның бөліктері ағында емес өнімнен іріктелетін іріктеу.

3.29 Сынама дайындау: Оны сынақ жүргізу кезінде әрі қарай пайдалану үшін талап етілетін жағдайға сынаманы ауыстыру.

3.30 Сынамаға сандық химиялық талдау (СХТ); талдау: Сынамада бір немесе бірнеше құрамбірліктердің болуын (салмақтық шоғырын, салмақтық үлесін, көлемдік үлесін және т.б.) химиялық, физика-химиялық, физикалық әдістермен тәжірибелік сандық анықтау

3.31 Жүйелі сынамаларды (іріктемелерді) іріктеу: Ол жағдайында өнім бірлігін немесе оның бөлігін нақты уақыт аралығынан және (немесе) кеңістік арқылы немесе өнім бірлігінің белгіленген санын іріктейтін іріктеу.

3.32 Кездейсоқ сынамаларды (іріктемелерді) іріктеу: Ол жағдайында өнім бірлігін немесе оның бөлігін бір бірінен тәуелсіз бірдей ықтималдықпен іріктейтін іріктеу.

3.33 Тағамдық қосалқы өнімдер: Сойылатын малды қайта өңдеген кезде алынған, өңделген түрдегі мал ішкі органдары, басы, құйрығы, сирақтары.

3.34 Талдау нәтижелері: Бір реттік талдау нәтижелерінің орташа мәні (орташа арифметикалық немесе медиана).

3.35 Өлшенді: Өнім сапасының жеке көрсеткіштерін анықтау үшін бөлінген орташа сынама бөлігі.

3.36 Іріктеме: Даналап шығарылатын өнімнің нақты саны, іріктеме.

4 Қабылдау ережелері және сынамаларды іріктеу әдістері

Сойылғаннан кейін жабайы жануарлардың етін қоса ұшаларды және ішкі органдарды ветеринарлық-санитарлық сараптама тәртібі және оларды жануарлар текті өнімдер мен шикізатты өндіру, дайындау (сою), сақтау, қайта өңдеу және сату бойынша кәсіпорындарда санитарлық бағалау [5] сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ветеринарлық заңнама талаптарына сәйкес ветеринарлық-санитарлық бақылаумен қабылданған ет және ет өнімдері қайта өңдеуге және сатуға жіберіледі.

Қайта өңдеуге және сатуға жіберілген ет және ет өнімдерінің сынамаларын іріктеу ережелері 4.1-тармағында берілген.

4.1 Сынамалар іріктеудің жалпы ережелері

4.1.1 Сынамаларды іріктеу ережелері мен олардың саны ет өнімінің түріне, оның топтамасының өлшеміне, сынау сипатына байланысты болады және осы стандарт талаптарына сәйкесуі керек.

4.1.2 Сынамаларды іріктеу мынадай кезеңдерді қамтиды:

- бастапқы жиынтылықты анықтау (біртекті өнім топтамасы);

- іріктеме (сынама) көлемін анықтау;
- біріктірілген іріктемені (сынаманы) құрау;
- нүктелік сынаманы іріктеу және біріктірілген сынаманы құру;
- сынау үшін сынама бөлу;
- оны зертханалық сынамаға айналдыру үшін сынаманы дайындау (ұсату, араластыру, бөлу және т.б.);
- зертханалық сынамаларды орау, пломбылау немесе сүргі салу.

4.1.3. Іріктеме (сынама) біртекті өнімнің (бас жиынтық) нақты топтамасынан іріктеледі.

4.1.4 Іріктеме (сынамалар) бұзылмаған орау бірліктерінен ғана іріктеледі.

4.1.5 Орау ыдысын (жәшіктер, барабандар, қораптар және т.б.) НҚ талаптарына сәйкестікке тексеру үшін сыртқы тексеруге түсіреді.

4.1.6 Пестицидтердің, антибиотиктердің, уытты элементтердің және радионуклидтердің, микотоксиндердің қалдық санының болуын бақылау үшін бірнеше сатылы сынамалар (іріктемелер) іріктеуді жүргізеді. Бірнеше сатылы сынамаларды іріктеген жағдайда сынамаларды сатылар бойынша құрастырады және ір сатыда өнімді алдыңғы сатыда іріктелген бірліктерден пропорционал санда кездейсоқ үлгіде іріктейді.

Сатылар санын орау түрлері бойынша анықтайды.

- I саты: көлік ыдысының (жәшіктер, қораптар, қаптар, бөшкелер және т.б.);
- II саты: көлік ыдысына салынған орау бірлігін және тұтынушы ыдысының бірлігін (пакеттер, банкалар және т.б.) іріктеу;
- III саты: орау бірлігінен (тұтынушы ыдысынан) өнімді іріктеу және біріктірілген іріктемені (сынаманы) құрау.

Іріктелген іріктеме бірлігінен нүктелік сынаманы іріктейді, жиынтық сынаманы құрайды және зертханалық сынаманы ажыратады.

4.2 Зертханалық сынамаларды буып-түюге, сақтауға және тасымалдауға қойылатын талаптар

4.2.1 Зертханалық сынамаларды ластаудан, бұзылу және ағудан сенімді қорғанысты қамтамасыз ететін контейнерлерге жеке орайды және сүргі салады.

4.2.2 Сынамаларды бұрын қолдануда болған сиымдылықтарға орау рұқсат етілмейді.

4.2.3 Типтік контейнерлер кейіннен сараптама нәтижесін бұзатын сынамаларда өзгерістер туындатпайтын материалдардан дайындалуы керек.

Ыдыстарды тағамдық өнімдерді сақтау үшін рұқсат етілген шыныдан, сондай-ақ металл, пластмасса және өзге материалдардан пайдалану рұқсат етіледі.

4.2.4 Контейнерлер мөлдір болмауы керек. Егер контейнер мөлдір болса, онда оған салынған үлгі сәуле түсуінен қорғалған болуы керек.

4.2.5 Орау үшін қолданылатын контейнерлер, қақпақтар және өзге ыдыс пен орау материалдары таза және құрғақ болуы керек.

Сынаманы сенімді қорғау мен сүргі салу қағидатын сақтаған жағдайда алюминий, жұқалтыр, полиэтилен пакеттерді қоса өзге сиымдылықтарды пайдалану рұқсат етіледі.

4.2.6 Кез келген орау материалы ерімейтін, су және май өткізбейтін болуы және үлгінің иісі, түсі, қасиеттері немесе құрамына әсер етпеуі керек.

4.2.7 Типтік контейнерлер немесе өзге орау материалдары сынамаларды іріктеуді жүзеге асырғаннан кейін бірден жабылуы керек.

4.2.8 Әр сынаманы сынама атауы мен салмағын, сынамалардың іріктелген күні мен орны, сынаманы кім іріктегені көрсетілетін заттаңбамен жабдықтайды.

4.2.9 Іріктелген сынаманы негізгі өнімнен оқшаулайды, орайды, пломбалайды немесе сынамаларды іріктеу орнында сүргі салады.

4.2.10 Сынамаларды сынақ орнына тасымалдау барысында үлгілердің бөгде иіспен, тікелей күн сәулесінің түсуінен және өнімнің осы түрі үшін белгіленгеннен жоғары температуралардың әсер етуін болдырмауға бағытталған сақтық шаралары қабылдануы керек.

4.2.11 Іріктелген сынамалар 2 сағаттан артық емес мерзімге белгіленген нысанда,ы сынамаларды іріктеу актісімен сынақтар жүргізу құқығына аккредиттелген зертханаға белгіленген нысан бойынша жіберіледі немесе ішкі бақылауды орындау үшін пайдаланылады.

Іріктелген үлгілерге (сынамаларға) бөгде тұлғалардың жіберу және олардың тасымалдауы рұқсат етілмейді.

4.3 Сойылатын жануарлардың барлық түрлерінің етін, құс, үй қоянының етін, ет блоктарын, қосалқы өнімдерді, ішек шикізаттарын, шұжық бұйымдарын және еттен жасалған өнімдерді, малдардың қорытылған майларын қабылдау және сынамаларын іріктеу ережесі

4.3.1 Өнімді қабылдауды жүзеге асыру үшін өнімге байқау, оны сәйкестендіру жүргізу, сынамаларды іріктеу және оларға сынақ жүргізу керек.

Өнімді байқау және оны сәйкестендіру ҚР СТ 3.34, ҚР СТ 1014 және өнімнің нақты түріне арналған нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.3.2 Қабылданған топтама ілеспе құжатпен рәсімделеді:

- сойылатын мал етін, құс, үй қоянының еті, ет блоктарын, малдар майы мен ішек шикізатын қайта өңдеуге кәсіпорын ішіне берген жағдайда – ветеринарлық куәлік, сапасы туралы куәлік, тауарға ілеспе жүктемелер;

- қайта өңдеуші кәсіпорынның тоңазытқыштарына сақтауға немесе сауда нүктелерінде салу үшін беруге арналған сойылатын малдардың барлықтүрлерінің еті, құс, үй қояны етін, ет блоктарын, қосалқы өнімдер, шұжық өнімдері мен еттен жасалған өнімдер, мал майлары, ішек шикізаты

үшін – ветеринарлық куәлік немесе ветеринарлық сертификат, сапасы туралы куәлік, сәйкестік сертификаты, тауарға ілеспе жүктемелер.

Түрлі сиялармен, қаріппен, түзетулері бар түрлі адам қолымен толтырылған, мөрдің әлсіз таңбасы бар, мөрі жоқ, қол қойылмаған, лауазымның толық атауы көрсетілмеген, құжатқа қол қоған маманның тегі мен атауы көрсетілмеген, барлық талап етілетін мәліметтер, оның ішінде олардың берілген күні, сондай-ақ құжаттар көшірмелері көрсетілмеген құжаттар жарамсыз деп есептеледі. Ілеспе ветеринарлық құжаттары жоқ немесе жарамсыз деп танылған ветеринарлық құжаттармен ілестірілген ет өнімі, сондай-ақ ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізілу белгісі болмаған жағдайда қайта өңдеу немесе сату үшін қабылданбайды, бірақ ветеринарлық құжаттарды бергенге немесе оның ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздігін растайтын зертханалық зерттеулер нәтижелерін алғанға дейін оқшау сақтау үшін қабылданады.

4.3.3 Малдың бір ұшасынан тек бір сынаманы іріктейді. Егер малдың бір ұшасынан бірнеше тіндер немесе органдарды (мысалы май, бауыр және бұлшық еттер) іріктейтін болса, онда олар бір үлгі ретінде қарастырылып таңбаланады. Алайда іріктелген үлгілердің әрбірі жеке буылып түйіліп таңбалануы керек.

4.3.4 Барлық сойылатын малдар, құстар, үй қояндарының еттерін, ет блоктарының, қосалқы өнімдерді қабылдау ережесі мен сынамаларын іріктеу 1-кестеде берілген.

1-кесте **Барлық сойылатын мал етінің, құс, үй қояны етінің, ет, қосалқы өнімдер блоктарының сынамаларын қабылдау және іріктеу ережесі**

Өнім атауы	Қабылдау және сынамаларды іріктеу ережесі
1	2
Ұшада, жарты ұшада, бөлшектегі барлық сойылатын мал еті: сауған, салқындаған және мұздатылған (оның ішінде жабайы тұяқты жануарлар еті**)**	1 Семіздік санаты, технологиялық өңделуі және салмағы бойынша бақылауға еттің барлық топтамасын түсіреді. Терідегі шошқа етінде қан ұюларын анықтауды диаметрі 3,5 см артық емес бақылау кесіктерін жасау жолымен жүргізеді (3 см-ден артық емес). Бірінші санатты шошқа етінің семіздігін анықтауда келіспеушіліктер туындаған жағдайда жарты ұшаның барлық ені бойына 6-нші және 7-нші қабырғалар арасында қабатты кесіп қарайды. Жабайы тұяқты жануарлар етін семіздік санаты бойынша бөлмейді. 2 Ет салмағын анықтаған кезде өлшеуді ГОСТ 29329-92 бойынша таразыларда жүргізеді. 3 Температурасын өлшеу үшін таңдап бақылаумен кемі төрт жарты ұша, бөлшеу, ұша іріктеп алады. 4 Гамма- және бета сәулелендіретін радионуклидтер, уытты элементтер, пестицидтер, антибиотиктердің

	қалдық санының болуы бойынша радиациялық бақылау жүргізу үшін еттің нүктелік сынамаларын 200г кем емес кесектермен мына жерлерден іріктейді: 4- және 5-мойын омыртқаларынан қарсы кесіктен, жауырын тұсынан, сан етінің белгіленген тінінің қалың қабаттарынан алып біріктірілген сынама қалыптастырады. Біріктірілген сынамадан ҚР СТ 1510 және ҚР СТ 1623 бойынша кемі 1 кг салмақты орташа сынама іріктейді.
	4 Еттің балғындығына күмән туындаған жағдайда сынамаларды іріктеу және етті зерттеу ҚР СТ....2007 және ГОСТ 21237 бойынша 5 Сынақтан қанағатсызданарлық нәтиже алған жағдайда сол топтамадан алынған екі еселенген сынамаға қайта сынақ жүргізеді. Қайта сынау нәтижелері бар топтамаға таратылады.
Барлық сойылатын мал түрлерінен алынған ет блоктары, мұздатылған	1 Мұздатылған ет блоктарының сапасын, салмағын және температурасын бақылау тексеру үшін 10% орау орнына, бірақ әр топтамадан 10 орыннан кем емес іріктеме жүргізеді. 2 Алушы іріктеме бақылауды ҚР СТ .... талаптарына сәйкестікке жүргізу құқығына ие. 3 Сапалы ет блоктарын, балғындығына күмән туындаған жағдайда ҚР СТ ...-2007 және ГОСТ 21237 бойынша анықтайды. 4 Гамма- және бета сәулелендіретін радионуклидтер, уытты элементтер, пестицидтер, антибиотиктердің қалдық санының болуы бойынша радиациялық бақылау жүргізу үшін еттің нүктелік сынамаларын 200г кем емес кесектермен біріктірілген сынама қалыптастырады. Біріктірілген сынамадан ҚР СТ 1510 және ҚР СТ 1623 бойынша кемі 1 кг салмақты орташа сынама іріктейді. 5 Бір көрсеткіш бойынша болсын сынақтан қанағатсызданарлық нәтиже алған жағдайда сол топтамадан алынған екі еселенген сынамаға қайта сынақ жүргізеді. Қайта сынау нәтижелері бар топтамаға таратылады.
Етті, ет-сүйекті, шырышты, жүнді салқындатылған және мұздатылған қосалқы өнімдер	1 Қосалқы өнімдердің сапасы мен салмағын бақылау тексеру үшін топтама көлемінен 10 % санда, бірақ ораулардың төрт бірлігінен кем емес іріктеме сұрыптайды. 2 Қосалқы өнімдер температурасын анықтау үшін топтаманың түрлі орнынан ораулардың төрт бірлігі санында іріктеме іріктейді.
Салқындатылған, қатырылған және мұздатылған құс еті (оның ішінде қауырсынды жабайы құс еті және суда жүзетін құс еті)	1 Құс етінің сапасы мен температурасын тексеру үшін топтаманың түрлі орнынан 5 % орау орнынан іріктеме жасайды. 2 Ет балғындығына күмән туындаған жағдайда сынамалар іріктеу ҚР СТ ...-2007 және ГОСТ 21237 бойынша. 3 Гамма- және бета сәулелендіретін радионуклидтер,

	уытты элементтер, пестицидтер, антибиотиктердің қалдық санының болуы бойынша радиациялық бақылау жүргізу үшін құс етінің орташа сынамасын қалыптастыру үшін топтаманың түрлі орнынан іріктеме жүргізеді. 10 жәшікке дейін қоса----------1 жәшік 11 -ден 50-ге дейін „----------3 51-ден 100-ге дейін „ ----------5 101-ден 1000-ға дейін„----------15
	Іріктеме жәшіктерінен нүктелік сынамаларды әр жәшіктен үш данадан тұтас ұшамен іріктеп алады және алынған біріктірілген сынамадан ҚР СТ 1510 және ҚР СТ 1623 бойынша 1 кг-нан кем емес орташа сынаманы бөліп алады. 4 Қабылдаудан қанағатсызданарлық нәтижелер алған жағдайда, тексеруге топтамадан әр ұша жатады. Қайталау сынақтарының нәтижелері барлық топтамаға таратылады.
Үй қоянының еті	1 Сынақтар жүргізу үшін 5% жәшік көлемінде, бірақ үш жәшіктен кем емес іріктеме алады. 2 Семіздігін және өңделу сапасын, температурасын анықтау үшін 3-тармақ бойынша іріктелген жәшіктердің әр жерінен кемі үш ұша алады. 3 Ұшалардың семіздігі мен өңделу сапасын анықтауды ҚР СТ ...-2007 бойынша көзбен шолып жүргізеді. 4 Үй қоянының ұшасының салмағын анықтау үшін 3-тармақ бойынша іріктелген ұшалардың кемінде бесеуін өлшейді. 5 Гамма- және бета сәулелендіретін радионуклидтер, уытты элементтер, пестицидтер, антибиотиктердің қалдық санының болуы бойынша радиациялық бақылау жүргізу үшін еттің нүктелік сынамаларын 200г кем емес кесектермен мына жерлерден іріктейді: 4- және 5-мойын омыртқаларынан қарсы кесіктен, жауырын тұсынан, сан етінің белгіленген тінінің қалың қабаттарынан алып біріктірілген сынама қалыптастырады. Біріктірілген сынамадан ҚР СТ 1510 және ҚР СТ 1623 бойынша кемі 1 кг салмақты орташа сынама іріктейді.
	6 Үй қоянының етінің балғындығына күмән туындаған жағдайда ГОСТ 20235.2 және ҚР СТ ...-2007 бойынша сынамалар іріктеу және сынақ жүргізеді. 7 Көрсеткіштердің біреуінен болсын сынаудың қанағатсызданарлық нәтижелерін алған жағдайда сол топтамадан алынған үлгілердің екі еселенген санына қайталау сынақтарын жүргізеді. Қайталау сынақтарының нәтижелері барлық топтамаға таратылады.

4.3.4. Ішек шикізатын қабылдау ережелері, сынамаларды іріктеу және бақылау әдістері 2 және 3-кестелерде берілген.

2-кесте **Ішек шикізатын қабылдау ережесі, сынамаларды іріктеу және бақылау әдістері**

Өнім атауы	Қабылдау ережесі, сынамалар іріктеу және бақылау әдістері
Өнімге өңдеу үшін арналған шикі ішек, оның ішінде:	**1 Қабылдаудың жалпы ережелері** 1.1 Қабылдауға ішек өніміне өңдеу үшін ветеринарлық қадағалау рұқсат берген шикі ішек жатады. 1.2 Шикі ішекті жинақта және жеке бөліктермен қабылдау рұқсат етіледі.
	1.3 Шикі ішекті: а) шикізаттың барлық топтамасының сапасын тегіс тексеру (сұрыпталмаған немесе дұрыс сұрыпталмаған шикізат түскен жағдайда); б) шикізат сапасына таңдап тексеру (дұрыс сұрыпталған шикізат келіп түскен жағдайда) жолмен қабылдайды
- сиыр, жылқы және түйе	**2 Сұрыпталмаған шикізатты қабылдау ережесі** 2.1 Сапа сәйкестігін анықтау үшін шикі ішекті түрлері, атаулары бойынша салады және сыртқы қарауға түсіреді. 2.2 Сапа сәйкестігін анықтау үшін әр шикі ішек бірлігін ауамен үрлейді және қабырғалар беріктігін, тесіктер, тат және өзге де ақаулар болуын белгілейді: содан кейін ішектерді ұзындығы бойынша өлшейді (қуық, ащы ішектен басқа) **3 Сұрыпталған шикізатты қабылдау ережесі** 3.1 Сапаны анықтау үшін қабылданатын шикі ішектерді жайып әр атауы бойынша есептейді. 3.2 Бір атаулы шикі ішекті сыртқы түрі бойынша біртекті топтарға іріктейді. 3.3 Сапаны анықтау үшін әр топтан кемі 10 % шикі ішек іріктейді. 3.4 Шикі ішек сапасының сәйкестігін анықтау үшін шикі ішектің әр тауарлық бірлігін (топтама, бума, байлам) ауамен үрлейді. Доңғалақ ішектер мен тоқ ішектерді тексеру кезінде байқалған тесікті жеке кесінді ретінде есептейді. 3.5 Тексерудің нәтижелері барлық топтамаға таратылады.
- қой, ешкі және шошқа	**1 Сұрыпталмаған шикізатты қабылдау ережесі** 1.1 Сапасын анықтау үшін шикі ішекті атауы бойынша жайып салады, жібітеді және ажыратып немесе орайды. 1.2. Ішек сапасын су төгілуіне қарай анықтауды Татпен, қара және көк дақтар түскен, су ағынына төтеп бере алмаған жерлерін кесіп тастайды.

	1.3 Таттанған бөліктер қайталанған жағдайда екіншісінен бір метрден жақын орындарды стандартты еместер қатарына жатқызады. 1.4 Бір бірінен 1 м және одан да артық қашықтықта тат, қара және көк дақтар қайталанғаны жағдайда бұзылмаған жерлерді кесіп алады. 1.5 Су құйылып бұзылмаған ішек шеттерін құрастырып бір бумаға орайды. 1.6 синюга, гузенок, соқыр ішектердің, қуықтардың сапасын ауамен үрлеп анықтайды.
	2 Сұрыпталған шикізатты қабылдау ережесі 2.1 Сапасын анықтау үшін қабылданатын шикі ішектерді жаяды және әр атау және сұрып бойынша жеке есептейді. 2.2 Сапасының сәйкестігін анықтау үшін әр атау мен сұрыптан кемі 10 % шикі ішекті іріктеп алады. 2.3 Бума сұрыпы мен ұзындығын сумен толтыру кезінде белгілейді. Тексеру кезінде табылған ішек тесіктерін артық кесінді ретінде есептейді.
	2.4 Тексеру нәтижесі барлық топтамаға таратылады. 2.5 Тексеру нәтижелерінің сапаны растау құжатымен 20 %-ға артық алшақтаған жағдайда барлық топтамаға жоғарыда көрсетілгендей су құйып тегіс сұрыптау жүргізіледі.
Өңделген ішектер, оның ішінде	**Қабылдаудың жалпы ережелері** 1 Ішектерді топтап қабылдайды. 2 Өңделген ішектер сапасының көрсеткіштері ҚР СТ ...-2007 талаптарына сәйкес. 3 Өңделген ішектер сапасына органолептикалық бағалау ҚР СТ ...-2007 бойынша. 4 Көрсеткіштердің біреуінен болсын ілеспе құжатта көрсетілген стандарт талаптарын қанағаттандырмайтын өңделген ішектерді (толық емес пайдалы метрдегі қой және ешкі ішектерінен басқа) барынша төмен сұрыпқа жатқызылады. 5 Төменгі сұрып талаптарына сәйкеспейтін ішектерді ақау деп таниды.
- қой және ешкі	1 Тапсырылатын ішектердің барлық топтамасын сыртқы қарауға түсіреді. 2 Орау ыдысындағы бірлікке салынған ішектердің сапасын анықтау үшін кемі 10%, бірақ біреуден кем емес іріктейді.
	3 Ішек сапасының стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін ішек санын анықтау үшін алынған әр орау бірлігінен кемі 1 % ішек іріктеп алады. 4 Ішек калибрін, санаты мен ұзындығын әр орау бірлігінде жеке тексеру үшін алынған барлық орамдар үшін осы шамалардың орташа арифметикалық мәні бойынша тексереді.

	Ішек калибрін, санаты мен ұзындығын әр тауарлық бірлік (бума, қорап, орам) үшін жайылған және жібітілген күйде анықтайды. 5 Егер ораудың бір бірлігінде түрлі сұрыпты және калибрлі ішектер салынған болса, оларды әр сұрып және калибр үшін жеке тексереді. 6 Іріктелген ішектердің олардың сапасын растайтын құжатқа сәйкестігі жағдайда топтаманы қабылдайды. Олай болмаған жағдайда топтаманы осы стандартқа сәйкес қайта тексеруге түсіреді. 7 Екі тексеру нәтижелері барлық топтамаға таратылады.
-сиыр, шошқа, жылқы және түйе ішектері	1 Тапсырылатын ішектердің барлық топтамасын сыртқы қарауға түсіреді, ол үшін ораудың әр бірлігін ашады. 2 Орау ыдысының бірлігіне салынған ішектер санын анықтау үшін кемі 10%, бірақ бірден кем емес орау іріктеп алады. 3 Ішек сапасының стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін ішек санын анықтау үшін алынған тауарлық бірліктің (бума, қорап, орам) кемі 2 % іріктейді. 4 Іріктелген ішектердің олардың сапасын растайтын құжатқа сәйкестігі жағдайда топтаманы қабылдайды. Олай болмаған жағдайда ішек сапасын әр орау үшін жеке тексереді. 5 Тұздалған және құрғақ ішектердің ұзындығын топтаманың әр тауарлық бірлігі үшін орауын жазған немесе жайылған және жібітілген күйде анықтайды.
	6 Шошқа ішегінен басқа тұздалған ішектер калибрін ауамен үрленген қалыпта ішек диаметрін өлшеп анықтайды. Шошқа ішектерінің калибрін су құйып анықтайды. 7 Қызылшамен зақымдалған тұздалған ішектер сұрыпын оларды алып тастағаннан кейін анықтайды. Зең мен ылғалданған құрғақ ішектер сұрыпын оларды алып тастағаннан кейін анықтайды. 8 Ішек калибрі мен ұзындығын ораудың әр бірлігі үшін жеке ораудың осы бірлігінен тексеру үшін алынған барлық орам немесе жеке дара үшін осы шамалардың орташа арифметикалық мәні бойынша тексереді. Егер ораудың бір бірлігінде түрлі сұрыпты және калибрлі ішектер салынған болса, калибр мен метрге бөлу дұрыстығын әр сұрып және калибр үшін жеке анықтайды. 9 Ішектердің калибрі мен ұзындығы бойынша рұқсат етілетін ауытқулар 3-кестеде көрсетілген мәндерге сәйкесуі керек. 10 Тұздалған сиыр ішектерінің қораптағы саны – 10 дана, құрғақ – 25 дана, қорапқа 1 данадан артық емес жапсарлас калибрлердің ауытқуы рұқсат етіледі.

	11 Сиыр ішектерінің, дөңгелектер мен жылқы ішектерінің калибрлерінің ҚР СТ ...-2007 белгіленген өлшемдерден ауытқығаны, бірақ 25% артық емес ауытқығаны жағдайда ішектерді тұтынушымен келісім бойынша қабылдайды. 12 Сиыр ішектері, дөңгелектері мен жылқы ішектерінің ҚР СТ ...-2007 белгіленген өлшемдерден ауытқығаны, бірақ 25% артық емес ауытқығаны жағдайда ішектерді тұтынушымен келісім бойынша қабылдайды

3-кесте Ішектер калибрі мен ұзындығы бойынша рұқсат етілетін ауытқулар

Ішек атауы	Орташа орау бірлігіне жапсарлас калибрлерге рұқсат етілетін ауытқулар, %, артық емес	Жеке орау, байлам және қораптарда ішек ұзындығы, м	Жеке орау, байлам және қораптарда ішектер ұзындығының рұқсат етілетін ауытқулары, м
Сиырдың құрғақ ішектері	10	18	от - 0,5 до + 1,0
Сиырдың құрғақ ішектері	10	50	
Сиырдың тұзды ішектері	15	10	
Жылқының тұзды ішектері	15	10	
Шошқаның тұздалған ішектері	10	12	± 0,6
Қойдың тұздалған ішектері	10	96	± 4,8

4.3.5 Шұжық өнімдері мен еттен жасалған өнімдердің, ет шала өнімдерін қабылдау ережелері мен сынамаларын іріктеу 4-кестеде берілген.

4-кесте **Шұжық бұйымдарын, еттен жасалған өнімдер мен ет шала өнімдерін қабылдау ережелері мен іріктеу әдістері**

1	2
Шұжық өнімдері, оның ішінде пісірілген шұжықтар, сосискалар, сарделькалар, ет нандары, пісіріліп ысталған, жартылай ысталған, шикілей ысталған, фарш салынған, өкпе-бауыр, қан; зельцтер, ет қатырмалары мен дірілдектері; ет және бауыр паштеттері	1 Сыртқы байқауға топтамадағы өнімнің барлық санынан кемі 10 %-ын түсіреді. 2 Органолептикалық, химиялық және бактериологиялық сынақтар жүргізу үшін сыртқы қарауға түскен өнім бірлігіне таңдап іріктеу жүргізеді. 3 Өнім бірлігін органолептикалық, химиялық және бактериологиялық сынақтар үшін бірдей уақытта іріктеу жүргізген жағдайда бірінші кезекте өнімнің әр бірлігінен бактериологиялық сынақтар үшін іріктеме алады.

	4 Шұжық өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштерін анықтау үшін салмағы 400-500 г түрлі өнім бірлігінен екі нүктелік сынама іріктейді және салмағы 800-1000г біріктірілген сынама құрайды. Химиялық сынақтар жүргізу үшін салмағы 200-ден 250 г-ға дейін екі нүктелік сынама іріктейді және салмағы 400-500 г біріктірілген сынаманы құрайды. Сынамаларды өнімнен көлденең бағытта шетінен 5 см-ден кем емес қашықтықта кесіп алады. 5 Сосискалар мен сарделькалардан нүктелік сынамаларды өнім бірлігінің тұтастығын бұзбай сынама іріктейді. Біріктірілген сынама 400-500 г салмаққа ие болуы керек. 6 Зельцтер мен қуыққа салынған бұйымдардан нүктелік сынамаларды салмағы 200-250 г бөліктер түрінде нүктелік сынамалар кесіп алады, олардан салмағы 400-500г екі біріктірілген сынама құрайды.
	7 Ет нанынан салмағы 200-250 г құрайтын кемі үш нүктелік сынама іріктейді, олардан салмағы 600-750 г екі біріктірілген сынама жасайды. 8 Бактериологиялық сынақтар үшін сынамалар іріктеуге зарарсыздандырған аспап пайдаланады, Сынамаларды екіншілей ұрықтануды болдырмайтын зарарсыздандырған пергамент қағазға немесе ыдысқа салады. Шұжық бұйымдарынан батон шетінен әрбірінің ұзындығы 15 см –ден кем емес екі нүктелік сынама алады. Екі нүктелік сынамадан біріктірілген сынама құрайды. Ет нандарынан кемі үш өнім бірлігінен салмағы 200-250 г нүктелік сынама алады және салмағы 600-750 г біріктірілген сынама құрайды.
	Сосискалар мен сарделькалардан нүктелік сынамаларды өнім бірлігінің тұтастығын бұзбай түрлі орыннан іріктейді. Бірнеше нүктелік сынамадан салмағы 400-500г біріктірілген сынама құрайды. 9 Сынақтардан қанағатсызданарлық нәтиже алған жағдайда сол топтамадан алынған екі еселенген іріктемеге қайталау сынақтарын жүргізеді. Қайталау сынақтарының нәтижелері барлық топтамаға таратылады.

Сойылатын мал етінен және құс етінен жасалған өнімдер (пісірілген, ысталып - пісірілген, шикілей ысталған, ысталып – пісірілген, пісірілген және қуырылған, шикілей ысталған және шикілей қақталған, кептірілген, тұздалған)	1 Сыртқы түрін бақылау үшін топтама көлемінен 10 % кем емес іріктеме сұрыптайды. 2 Органолептикалық, химиялық және бактериологиялық сынақтар жүргізу үшін сыртқы байқауға түсірілген өнім бірлігіне іріктеме таңдап жүргізеді, бірінші кезекте бактериологиялық сынаулар үшін сынамалар іріктейді: - қабыққа салынған және салмағы 2 кг-нан артық шошқа, қой және сиыр етінен, сондай-ақ сойылатын барлық мал түрлерінен және құстар етінен жасалған өнімдерден – барлық сынақтар үшін екеу; - қабықсыз бұйымдардан – сынақтардың әр түрі үшін кемі үшеу. 3 Органолептикалық және химиялық сынақтар үшін сынамалар іріктеу: 3.1 Шошқа, қой, сиыр етінен және өзге де сойылатын мал еттерінен және құс еттерінен жасалған өнімдерден нүктелік сынамаларды шетінен кемі 5 см қашықтықта көлденең бағытта химиялық сынақтар үшін 200-250 г-нан және органолептикалық сынақтар үшін 400-500 г-нан (егер болса майлы тін мен терісінен қоса) алады. Өнімнің түрлі бірлігінен екі нүктелік сынамадан химиялық сынақтар үшін 400-500 г салмақпен және органолептикалық сынақтар үшін 800-ден 1000 г-ға дейін біріктірілген сынама алады.
	3.2 Түрлі сан еттерінен кіші асықты жілік пен жамбас сүйектерінің қосылған жерінен сан етінің барлық қалыңдығынан әрбірі 400-500 г салмақта нүктелік сынама кесіп алады. Түрлі сан еттерінен алынған екі нүктелік сынамадан салмағы 800-ден 1000 г-ға дейінгі біріктірілген сынама жасайды. 3.3 Алдыңғы қол еттерінен барлық қалыңдығы бойына жауырын мен иық сүйектерінің қосылған орнынан әрбірінің салмағы 400-500 г нүктелік сынаманы кесіп алады. Өнімнің түрлі бірліктерінен бір реттік сынамасынан салмағы 800-1000 г екі біріктірілген сынама құрайды. 3.4 Тұздалған беконнан органолептикалық және химиялық сынаулар үшін біріктірілген сынаманы екі жарты ұшадан іріктейді, бұл жағдайда әр жарты ұшадан төрт нүктелік сынама іріктейді: төс еттен, сүбе, жауырын мен сан еттен әрбірінің салмағы 200-250г.

	3.5 Сүбе мен төс еттен жарты ұшаның барлық ені бойынша алтыншы және жетінші қабырғалар арасында кесінді жасайды, содан кейін оны екі сынамаға бөледі. 3.6 Жауырыннан жауырын сүйектен мойынға қарай барлық ені бойынша кесінді жасайды, содан кейін кесіліп алынған кесек жартысын кесіп тастайды. 3.7 Артты сан еттен омыртқа бағанынан жамбас сүйек басына қарай кесінді жасайды. 3.8 Ысталған шошқа басынан біріктірілген сынаманы 400-200 г- нан өнімнің үш бірлігінен жақ еттен кесінділер құрайды. Ысталған жілік және қабырғалардан өнімнің түрлі бірлігінен алынған бірнеше нүктелік сынамадан 400-500г салмақта біріктірілген сынама құрайды. 3.9 Құс етінен пастроманың органолептикалық көрсеткіштерін анықтау үшін бұйым тұтастығын бұзбай екі нүктелік сынама алады. Химиялық сынаулар үшін құс етінен пастромадан нүктелік сынаманы сүйектен ажыратып алады және 2 см артық емес қашықтықта көлденең бағытта кесіп алады.
	3.10 Шошқа, қой, сиыр етінен және өзге де сойылатын мал етінен және құстар етінен жасалған өнімдерден өнімнің екі бірлігінен кемі 10 см барлық қалыңдығы бойынша нүктелік сынамалар кесіп алады. Екі нүктелік сынамадан біріктірілген сынаманы құрайды. 3.11 Тілден органолептикалық көрсеткіштерді анықтау үшін нүктелік сынамаларды өнім тұтастығын бұзбай алады. Химиялық сынақтар үшін нүктелік сынамаларды іріктеу үшін тілдерді бойлық бағытта көлденең кеседі. Түрлі тілдерден алынған екі нүктелік сынамадан біріктірілген сынама құрайды. 4 Микробиологиялық сынаулар үшін сынамалар іріктеген жағдайда зарарсыздандырған аспап пайдаланады. Сынамаларды екінші рет тұқым жаюды болдырмайтын зарарсызданған қағаз немесе ыдысқа орайды. 4.1 Артты сан еттен кесіндіні асық жілік пен жамбас сүйектерінің қосылған орнында барлық қалыңдығы бойынша жасайды және 10 см-нен кем емес сынама іріктейді. Алдыңғы қолдан кесіндіні жауырын мен иық сүйегінің қосылған орнында еттің барлық қалыңдығы бойынша алады және ені 10 см сынама іріктейді.

	4.2 Қабыққа оралмаған бұйымдардан (шырын, паштеттер және т.б.) нүктелік сынамаларды әрбірінің салмағы 200-250 г бұйымның үш бірлігінен іріктейді. 4.3 Тұздалған беконнан біріктірілген сынамаларды екі жарты ұшадан іріктейді, бұл жағдайда әр жарты ұшадан төрт нүктелік сынама кесіп алады: төстен, сүбе, жауырын және қол еттен әрбірінің салмағы 200-250 г. 4.4 Құс етінен алынған пастромадан өнімнің екі бірлігінен іріктейді және олардан өнім бірлігінің біріктірілген сынамасын құрайды.
	5 Сынақтардан қанағатсызданарлық нәтиже алған жағдайда сол топтамадан алған екі еселенген іріктемеге қайталау сынақтарын жүргізеді. Қайталау сынақтарының нәтижелері барлық топтамаға таратылады.
Ет шала өнімдері, оның ішінде тоғанақталған ет және қосалқы өнімдер; ірі кесекті (сүйексіз және ет-сүйекті), порциялық, шағын кесекті, шабылған шала өнімдер, фарш, Қамырға салынған шала өнімдер; жылдам мұздатылған, дайын бұйымдар	1 Өнімді топтап қабылдайды. Топтама: - дайындаушы – кәсіпорында бір атаулы, бір ауысымда бір тұлға немесе бір бригада өндірген, шикізаттың бір топтамасынан жасалған шала өнімдер - сауда желісінде – бір ілеспе құжат бойынша түскен шала өнімдер ретінде анықталады 2 Бұйымдардың әр топтамасы қабылдау кезінде сапасы және қауіпсіздігі туралы куәлігі болуы керек. 3 Тауарлық-көліктік жүктемеде ҚР СТ талаптарына өнім топтамасының сәйкестігі туралы мөртабан қойылады. 4 Топтаманың әр жерінен сапасын тексеру үшін топтама көлемінен 1% санда іріктеме, бірақ үш топтық орама немесе жәшіктен кем емес алады. 5 Әр ашылған топтық орама немесе жәшіктен 4 ораулық бірлік санда іріктеме алады. - бір –бірден – органолептикалық көрсеткіштерді анықтау үшін; - үш-үштен – физика - химиялық сынақтар мен микробиологиялық көрсеткіштерді анықтау үшін
	6 Бұйымдарды шашып ораған жағдайда ашылған жәшіктің немесе қаптан түрлі қабаттарынан тең санда бірнеше бұйымды іріктеп алады, салмағы 2 кг-нан кем емес біріктірілген сынама құрайды. 7 Ет шала өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштер бойынша сапасын бағалау үшін оның көлеміне қарай топтаманың түрлі орнынан орау бірлігіне іріктеме жүргізеді: - 10 орауға дейін 3 бірлік; - 11-ден 100 орауға дейін 5 бірлік; - 101-ден 1000 орауға дейін 10 бірлік

	8 Физика-химиялық көрсеткіштерді анықтау үшін 4 және 5 – тармақтар бойынша іріктелген бұйымның әр тұтынушылық ыдысынан түрлі қабаттан тең санда іріктеме сұрыптайды және салмағы 400г-нан кем емес біріккен сынама құрайды. 9 Микробиологиялық сынақтар үшін сынамалар іріктеу кезінде аспаптар мен ыдыс зарарсызданған болуы керек. 10 Іріктелген сынаманы мөрлейді, пломба салады және сынақтар жүргізу үшін зертханаға жібереді. 11 Сынақтардан қанағатсыздандырлық нәтижелер алған жағдайда сол топтамадан алынған екі еселенген іріктемеге қайталау сынақтарын жүргізеді. Қайталау сынақтарының нәтижелері барлық топтамаға таратылады.

4.3.6 Ет консервілерін қабылдау ережелері мен сынамаларын іріктеу әдістері

4.3.6.1 Консервілер топтамасы ретінде бір түрлі және сұрыпты бір түрлі және өлшемдегі ыдыстағы, бір күнде және өндіру ауысымында шығарылған өнім қабылданады. Күні мен консерві шығаратын ауысым туралы деректер әр затбелгіде немесе банкада көрсетілуі керек.

4.3.6.2 Қатты (банка, туба), шыны ыдысқа немесе полимер материалдардан жасалған ыдысқа тоғанақталған консервіленген өнімдердің бастапқы үлгісін құрастыру үшін 5-кестеде көрсетілген орау (жәшік, тор) бірлігінің санын ашу үшін іріктейді.

5-кесте

Біртекті өнім орау бірлігінің саны, дана	ашу үшін іріктелетін орау бірлігінің саны
500-ге дейін	3%, бірақ 5 бірліктен кем емес
500-ден артық	2%

4.3.6.3 Қаңылтыр, шыны немесе полимер материалдардан жасалған ыдысқа тоғанақталған және жәшік немесе торға оралған консервіленген өнімдер іріктемесін әр іріктелген және ашылған орау бірлігінен алып жүргізеді.

Таза салмағы 1000 г ($см^3$) қоса дейін тоғанақтаған жағдайда іріктеме тоғанақтың 10 бірлігін, 1000-нан 3000 г ($см^3$)-ға дейін қоса – 5 тоғанақ бірлігін, 3000 г ($см^3$) және жоғары жағдайда – тоғанақтың 2 бірлігін құрайды.

4.3.6.4 Қаңылтыр және шыны ыдысқа тоғанақталған, жәшіктер немесе торға салынбаған, қатарлап салынған консервіленген тағамдық өнімдерден іріктемелер тоғанақтың 1 % бірлігінен жасайды.

Іріктеу қатардың түрлі орнынан (жоғарғы, ортаңғы және төменгі қатарлардан) жүргізіледі.

Таза салмағы 1000 г ($см^3$) қоса дейін тоғанақтаған жағдайда іріктеме тоғанақтың 10 бірлігін, 1000-нан 3000 г ($см^3$)-ға дейін қоса – 5 тоғанақ бірлігін, 3000 г ($см^3$) және жоғары жағдайда – тоғанақтың 2 бірлігін құрайды.

4.3.6.5 Тоғанақтың жеке бірлік іріктемесін біріктіреді, олар бастапқы үлгі болып табылады.

4.3.5.6 Бастапқы үлгіні мынадай ақаулары бар банка санын анықтау үшін сыртқы қарап тексеруге түсіреді:

- майысқан;
- бомбаж (түбі мен қақпағы көтерілген банкалар);
- шартылдақ (бір шетінен басқан кезде екінші шетінен шығып, тиісті шартылдаған дыбыс шығаратын банка түбі немесе қақпағының дөңестігі).

Ескертпе: шартылдақтарға банка шеттерінің дөңестігі саусақпен басқан кезде жоғалып кететін қаңылтыр банкаға салынған консервілер жатпайды.

- ағулар (банкадан ағып шыққан өнім іздері);
- қаңылтыр банкалардың дұрыс емес рәсімделген айландыра жабылған жігі (тілшіктер, ашық тістер, кесіктер, жалған жік, жиырылған жік);
- одан тазартқаннан кейін ойықтар қалатын тат;
- тесілулер мен өтпе сызаттар;
- шыны банкаларда қақпақтардың қисаюы, айнала жабылу алаңы бойынша қақпақ бүктемелерінің кесілуі, шығып кеткен резеңке сақина (шалма), жабу жігінің жанында сызаттар немесе шынының сынуы, банка мойнына қатысты қақпақтың толық отырғызылмауы;
- айнала жабылу жігінің бұзылуын тудырған шыны банка қақпағының ақауланулы (басылуы).

4.3.6.7 Жоғарыда көрсетілген ақаулары бар консерві үлгілерін іріктемеден алады және осы топтамадан алынған өзге түрімен алмастырылады.

4.3.6.8 Ақаулары бар консерві үлгілерін ұстау тәртібі белгіленген тәртіпте бекітілген нұсқаулықпен анықталады.

4.3.6.9 Сынақ түріне қарай орташа үлгіні құрау үшін тоғанақтың нүктелік бірлігінің саны 6 – кестеге сәйкес.

6-кесте

Ыдыс сиымдылығы, г ($см^3$)	Тоғанақтың іріктелетін бірлік саны, шт.			
	физика-химиялық сынақ үшін	бактериологиялық талдау үшін	органо-лептикалық бағалау үшін	Жалпы саны
1	2	3	4	5
50-ге дейін	10	3	4	17
50-ден 100-ге дейін	5	3	4	12
100-ден 200-ге дейін	5	3	3	11

200-ден 300-ге дейін	3	3	2	8
300-ден 1000-ға дейін	2	3	2	7
1000-нан 3000-ға дейін	1	1	1	3

3000 г ($см^3$) жоғары жағдайда – 1 тоғанақ бірлігін іріктейді және оның ішіндегісін бактериологиялық талдау үшін сынама алғаннан кейін физика-химиялық сынақтарға түсіреді.

4.3.6.10 Гамма және бета сәулеленетін радионуклидтер, уытты элементтер, пестицидтер, антибиотиктердің қалдық санының болуы бойынша радиациялық бақылау жүргізу үшін ҚР СТ 1510 және ҚР СТ 1623 бойынша тоғанақталуға қарай 1 кг ($дм^3$) салмақпен іріктеме іріктейді.

4.3.6.11 Орташа үлгіні қараудан тыс орналасқан зертханаға жөнелткен жағдайда оны қағазға орайды, мөр басады немесе пломба салады.

Үлгілерді оларды іріктеу туралы актпен және мыналар көрсетілген затбелгімен ілестіреді:

а) кәсіпорын - дайындаушы атауы;

б) өнімнің атауы, сұрыпы және өндірілген күні;

в) одан орташа үлгі іріктелген топтама көлемі;

г) орташа үлгінің іріктелген күні;

д) орташа үлгіні іріктеген тұлғалардың лауазымы мен тегі;

е) өнімде анықталуы керек көрсеткіштер;

ж) көліктік құжат нөмірі;

з) осы өнімге арналған стандарт нөмірі.

4.3.6.12 Көрсеткіштердің біреуінен болсын сынақтың қанағатсызданарлық нәтижелерін алған жағдайда консервілердің сол топтамасынан алынған іріктемелердің екі еселенген көлеміне қайталау сынақтарын жүргізеді.

Қайталау сынақтарының нәтижелері барлық топтамаға таратылады.

4.3.6.13 Даулы жағдайларда төрелік талдау үшін қосымша 4.2.1-4.2.10-тармақтарына сәйкес іріктелген орташа үлгіні бөліп алады, оған мөр басып немесе пломба салады.

